

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медиадағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медиадағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

Максүтова А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

маңызы өзгермеген, қазақ өзгерсе де, қадірі артпаған қазақ әйелдерінің мәселесі мен оның түйінін шешер шығармаларды қазақ баспасөзі қалыс қалмай жүрсе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстандағы балалардың және әйелдердің жағдайын талдау [Электрон. Ресурс] – URL: www.unicef.org/kazakhstan/media/1426/file/Публикация%20на%20каз%20.pdf (Қаралған күні: 20.09.2020)
2. Гендерлік саясат және қазақ қоғамындағы әйел. «AQIQAT» қоғамдық-саяси журналы, - Алматы, 19.03.2018 ж.
3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғам дерті // Abai.kz ақпараттық порталы -13.02.2023ж. – <https://abai.kz/post/165924>
4. А. Мұсабекқызы. Зорлық-зомбылық: Түйткілдің түп-төркіні неде? // «Ана тілі» газеті. – 03.2023ж.
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы N 1126 Қаулысы.
6. Біз деградациядамыз. «Қазақ әдебитеті» газеті, - Алматы, 13.10.2019ж.
7. Петченко Татьяна Сергеевна. Роль средств массовой информации в формировании ценностных ориентаций современной российской молодежи : диссертация кандидата социологических наук : 22.00.06.- Ставрополь, 2007.- 156 с.
8. Ш.Д. Сейдигазимова, С.Е. Тапанова, М. Топлу. Қазақ мерзімді баспасөзіндегі әйелдер мәселесінің жазылу эволюциясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы-2020.- 28№ 4(133).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕДИА КЕҢІСТІГІНДЕГІ КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ МЕДИАЭТИКА МӘСЕЛЕСІ

Аймереке Айтбай,
ЕҰУ журналистика және саясаттану
факультетінің магистранты
Астана, Қазақстан

Андатпа. 2020 жыл дүние жүзін, соның ішінде Қазақстанды дүр сілкіндірді. Оның басты себебі COVID-19 пандемиясы еді. Психологиялық, физиологиялық күйзеліске түсірген бұл дерт түрі адам шығынына әкелді. Өлім жітім статистикасы күрт артты. Мемлекеттің барлық салалары оффлайн форматтан онлайн форматқа трансформацияланды. Қазақстанда пандемияның зардабынан туған дағдарыс күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Әсіресе экономикалық, әлеуметтік, өндірістік саласы. Біздің қарастырып отырғанымыз әлеуметтік сала. Халық жағдайы.

Атаулы мақалада біз ғылыми тұрғыдан бақылау жүргіздік. Зорлық-зомбылықты дәріптеуде масс-медианың орны қандай, кемшіліктері мен тиімді тұстарын сараптадық. БАҚ-та тұрмыстағы зорлық-зомбылық тақырыбының қамтылуы, қаншалықты оң нәтиже бергендігін байқадық.

Сандық технологиялар дамыған заманда ақпарат көзінің өзекті, әрі құнды құрал екендігін түсіндік. Ал оны игеретін кәсіби маман, халыққа насихаттайтын журналистер қауымы жауапкершілікті сезіне ме? Кикілжің тақырыпты қалай қозғау керек? Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алмаса оның нәтижесі қандай болмақ? Осы тектес сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.

Түйін сөздер: гендерлік стереотип, идеология, пандемия, қыз-келіншектерге көрсетілетін зомбылық, масс-медиа, БАҚ, гендерлік теңсіздік, құқықтық нормалар.

2020 жыл дүние жүзін, соның ішінде Қазақстанды дүр сілкіндірді. Оның басты себебі COVID-19 пандемиясы еді. Психологиялық, физиологиялық күйзеліске түсірген бұл дерт түрі адам шығынына әкелді. Өлім жітім статистикасы күрт артты. Мемлекеттің барлық салалары оффлайн форматтан онлайн форматқа трансформацияланды. Қазақстанда пандемияның зардабынан туған дағдарыс күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Әсіресе экономикалық, әлеуметтік, өндірістік саласы. Біздің қарастырып отырғанымыз әлеуметтік сала. Халық жағдайы.

Пандемия салдарынан тұрмыстық зорлық-зомбылық артты. Жүргізілген сараптамалар негізінде әрбір екінші әйел немесе оның танысы қатыгездікке ұшырағандығы анықталды. Тұрмыстық зомбылық салдарынан ажырасу статистикасы күрт өсті. Атаулы тақырып аясында «БҰҰ – әйелдер» баяндамасы дайындалып, оған 13 елдің өкілдері қатысты. Сауалнама нәтижесінде пандемия кезінде үйге қамалған әйелдердің зорлық-зомбылыққа ұшырап құрбан болғандығы анықталды. Әрбір төртінші әйел өзін-өзі қорғансыз сезінген. Отбасы мүшелері немесе серіктерінің тарапынан көрсетілген жыныстық және физикалық зорлық-зомбылық салдарынан. Сауалнамаға жауап берген әйелдердің 40%-ы пандемия басталғаннан бастап жалғыз қыдыруға қорқатынын мәлімдеген. Бес әйелдің үшеуі қоғамдық жерлерде жыныстық қысым көрсету жағдайларының жиілегенін айтты [1].

Қазіргі масс-медиа теле, радио, баспа ісі, әлеуметтік желілер түрінде халыққа өзекті мәселелерді хабарлау және қызықтыру сипатында ғана ұсынылып отыр. Мәселен, жақында 7 арнадан шығып жүрген «Қыздар-ай» бағдарламасы. Атаулы бағдарламада құрбылар бас қосып сырласатын, жүрек сырын ақтаратын, ешкімге айтпаған құпиясын бөлісетін, көзіне жас алып мұңаятын, қуанып шаттанатын, қоғамда резонанс тудырған тақырыпты талқылайтын күндізгі шоу. Үш бөлімнен тұратын бағдарламаға сол күні қозғалатын тақырыпқа байланысты білікті мамандар сарапшы ретінде қонаққа шақырылады. Ал бағдарламаның кейіпкерлері үй шаруасындағы әйелдерден бастап, медиа тұлғалар, әншілер, актрисалар, блогерлер болады. Осы бағдарламада тұрмыстағы зомбылық сипаты бар бірқатар оқиғалар зерттеліп талқыланады. Тақырып өзекті, халық көңілін аулайды, құзырлы органдардың

назарында болғандықтан барлығы болмаса да бірқатар оқиғалар шешімін тауып көмек көрсетіліп жатыр. Бұл жерде журналистік зерттеу, ҚР заңдарын толыққанды қамту үшін сауаттылық, тақырыпты ашу үшін ептілік қажет. Жанр жағынан ток шоуға ұқсағанымен өзекті мәселелер айқындалуда.

Қазіргі таңда қыз-келіншектерге көрсетілетін зорлық-зомбылық дүние жүзі бойынша заң бұзушылықтың кеңінен таралған түрі. Гендерлік теңсіздіктің айқын бейнесі. Адам бас бостандығының заңды түрде бұзылуы, денсаулығына, қауіпсіздігіне нұқсан келтіру. Құқықтық заңнамалар қабылданып, әлеуметтік іс-шаралардың көптеп жүргізілуіне қарамастан қыз-келіншектерге көрсетілетін зорлық-зомбылық әлі де өршіп тұр [2].

БАҚ-та отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ақпаратты неғұрлым пәрменді тарату үшін қазақстандықтар бұл проблема туралы қандай ақпарат көздерінен жиі білетінін білу және осы дереккөздерді ақпарат берудің негізгі арналары ретінде пайдалануы маңызды. Сондықтан зерттеу аясында респонденттерге: «Сіз үйдегі зорлық-зомбылық туралы қай көздерден жиі білесіз?» деген сұрақ қойылды, респонденттердің көпшілігі «Интернет және әлеуметтік желілер» (70,2%) және «теледидар» (62,8%) жауап нұсқаларын таңдады [1].

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Social project management» орталығы «Аяулы жан» жобасы аясында «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі өзекті мәселелер» тақырыбында конференция өткізді. Аталған шараға журналистер, полиция қызметкері, психолог, заңгерлер, дағдарыс орталығы мен қоғамдық қорлардың өкілдері қатысып, ойларын ортаға салды [3].

Халықаралық психологтар қауымдастығының мүшесі Гулбанум Мурадуллава отбасында ата-ана балаға кейбір құндылықтарды, өзін-өзі бағалауды үйрете алмайтынын алға тартты. Зорлық-зомбылыққа ұшырайтын көп адам өзін-өзі бағаламағаннан да орын алып жатады. Үйде ата-ана балаға кейбір құндылықтарды, өзін-өзі бағалауды үйрете алмауы мүмкін. Бірақ қазір көпшіліктің көзі ашық, интернетті ашып, түрлі курстарды, кеңестерді қарауға болады. Ешкім ешкімді кемсітуге, күш көрсетуге құқы жоқ деп есептейді Гулбанум Мурадуллава [4].

Заңгер, медиатор Меруерт Мұқажанова отбасындағы кикілжіңнің бір себебі несие мәселесі екенін айта келе, микрозаймдардың қалай жұмыс істейтінін, одан қалай сақтану керегін түсіндіріп берді. «Қазіргі кезде отбасындағы кикілжің, күйеуі әйелін ұрғаны әйелдердің көпшілігінің кредитті күйеуіне айтпай алған проблемасы. Мәселенің 30 пайызы осыдан туындап тұр. Маған заңды кеңес алуға келетін адамдардың 30 пайызы қарызға батқан студенттер. Қазір микрозайм компаниялары, микроқаржылық орталықтар несиені 10 минут ішінде үлкен пайызбен береді. Сізге 10 минут ішінде картаңызға ақша аударады. Ал оны 20 күннен кейін ұзарту керек болады. Олар ломбард сияқты жұмыс істейді. Адамдар несие үшін банкке неге бармайды? Өйткені екінші деңгейлі банктер қарыз алушыдан құжаттар сұрайды, кірісті, денсаулықты растауды талап етеді. Ал микроқарыз берушілер ештеңе талап

етпейді. Олар тіпті қарыз алушыны көрмейді де, онлайн рәсімдеп, ақша аударып салады. Осындай проблема бізде өте көп. Адамдар онлайн жасалатын микрозаймдардың келісімшартын көрмейді. Қарапайым тұрғыда «ок» басу арқылы келісе береді. Келісімшартты оқысаңыз, адам шошырлық», – дейді заңгер Меруерт Мұқажанова [4]. Заңгердің айтуынша, мемлекет бекіткен максималды пайыз 56 пайыз болса, ал НПО пайызы – 1600 пайыз екен. Өйткені заңда тек банктер деп көрсетілген. Бұл миркоқаржы беретін ұйымдардың ойына келген пайызды қоюына жол беріп отырған көрінеді.

Отбасындағы кикілжің, ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керіс, жәбір көрген жан үшін заң бар. 2023 жылдан бастап жәбір көрген азаматша арыз түсірмесе де, көршілердің шағымы бойынша іс қаралады. Әкімшілік құқық бұзушылықтың 77-бабы бойынша қарастырылған. Жалпы жәбір көрген келіншек шағымданбай, көршілердің арызын қолдайтын болса, осы бап бойынша ескерту, 5 күнге қамау сияқты шаралар қолданады. Ол қайталанса 10-14 күн қамауға ұзартылады. Жәбір көрген адамның алған жарақаты жеңіл санатына жататын болса, ондай жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс қаралады. Егер жарақаты орта немесе ауыр болып саналатын болса, ҚР Қылмыстық кодексінің 106, 107 баптары бойынша іс қозғалады [5]. Бұл жерде тағы айта кететін жайт, ортадағы бала мәселесі. Осы зорлық-зомбылық әсерінен ортада кәмелет жасқа толмаған балалардың зардап шегуі қиын мәселе. Отбасындағы зорлық-зомбылықты көріп өскен баланың біріншіден, психологиясы бұзылады, екіншіден, бала өз өміріндегі іс-әрекетіне қолданбасына ешкім кепілдік бере алмайды. Баланың санасы оны көріп өссе, мұны күнделікті қалыпты нәрсе деп қабылдап қалу қаупі бар дейді мамандар.

Алматы қаласында 2017 жылдан бері «Жан-Сая» дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Ол тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған коммуналдық мемлекеттік мекеме. Орталықта 50 адамға арналған жатын орын бар, әйелдер балаларымен сонда тұрады екен. Дағдарыс орталығы 8 бағытта көмек көрсетеді: әлеуметтік тұрмыстық көмек (жатын орын береді, 5 уақыт тамағы, кереуеті, төсек-жабдықтары мен тұрмыстық заттары); әлеуметтік медициналық көмек (алғашқы қарап тексеру, алғашқы санитарлық өңдеу); әлеуметтік психологиялық көмек (қызмет алушылармен психологиялық жұмыс жүргізіледі); әлеуметтік-педагогикалық көмек (қызмет алушылардың дене бітімі мен ақыл-ойына қарай қажетті білім беру); әлеуметтік-еңбектік көмек (әйелдерге кәсіп таңдауға көмек көрсетіледі, қолөнер үйретіледі, бір курсты бітіріп сертификат алып шығады); әлеуметтік-мәдени көмек (бос уақытта мерекелік шараларға қатыстырады, балаларды мәдени орындарға апарды); әлеуметтік-экономикалық көмек (әйелді қабылдап алған соң жәрдемақы алуға көмектеседі, балаларды мектепке, балабақшаға орналастырады, жалдамалы пәтер қарастырып, жұмыспен қамтамасыз етеді) және әлеуметтік-заңгерлік қызмет (құжаттарды қалпына келтіру, ажырасуға, алиментке өтініш беру көмектері) бар [6].

2013 жылдан бері жаңа туған нәрестелерден бас тартудың алдын алуға бағытталған «Ана үйі» әлеуметтік жобасы іске асып келеді. Аналардың жаңа

туған балаларынан бас тартуының алдын алу, баланы туған отбасында анасымен бірге сақтау мақсатында құрылған қорды қазақстандық 22 кәсіпкер қаржыландырады екен.

БАҚ арқылы сондай жағдайға тап болған адамдарға өмірін жалғастыру үшін психологиялық және материалды көмек көрсететін ұйымдардың барын хабардар ету. Алайда теледидарда көрсетілетін бағдарламалар қыз-келіншектерге қатысты зорлық-зомбылық тақырып аясында қоғамдық пікірдің екіге бөлінгендігін аңғартады. Бірі жақтаса, екіншілері мадақтайды. Егер мәселе шиеленісіп шекарадан тым асып кетсе дағдарысқа ұшырап адам өліміне дейін апаруы мүмкін. Сондықтан бұл тақырыпты зерттеуде сауаттылық, ептілік, толыққанды зерттеу мен сараптамалар керек. Журналист маман өзекті мәселені көтеріп қана қоймайды оны ортақтасып оңды жолмен шешуге адамдарды біріктіріп үгіттейді. Бұл ретте БАҚ-пен бірлесіп жұмыс істеуде бірімен бірі тығыз байланысқан салаларды қамту қажет: жағымды қоғамдық ортаны қалыптастыру үшін құқықтық құзырлы органдар мен нормалардың бақылауында болу, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау үшін сараптама, мониторинг жүргізу, яки зерттеу жұмыстардың маңыздылығы; ақпараттық сауаттылықты жетілдіру, халықты өзіне тарту, гендерлік теңдікті бейбіт түрде насихаттау, гендерлік саясатты күшейту; ұлттық құндылықтарды дәріптеуде мақсатты кампаниялар мен бағдарламаларды жүзеге асыру.

Батыс елдерінде қыз-келіншектерге көрсетілетін зорлық-зомбылық тақырыбын кеңінен зерттеген ғалымдардың қатарына У. Бьернберг, Р. Джиллес, Л. Уолкер; ресейлік ғалымдар И. Горшкова, А. Ильяшенко, М. Ищенко, Н. Римашевская, И. Родина, Г.Силласте, И. Шурыгина және т.б. жатқызуға болады. Әлеуметтік нормалардың интернализация процесімен байланысын және гендерлік нормаларды М. Шварц, Б. Скотт, Н. Болдмаа, Н.Бинеева, О. Здравомыслова, Т. Легенина, М. Писклакова [7, 156].

Алайда атаулы ғалымдардың еңбектерінде масс-медианың ықпалы зерттелмеген. Қазіргі сандық ақпараттық заманда халық санасын дамытып, қоғамдық пікір қалыптастырып отырған масс-медиа құралдарын зерттеу қажет деп ойлаймын. Себебі бұқара көзқарасын қалыптастыратын тиімді тәсіл ол – БАҚ.

Тұрмыстағы зорлық-зомбылық барлық ғылым салаларын қамтиды: әлеуметтік, психология, медицина, философия, этика, заңнама, т.б. Осы ғылымдардың дереккөздерін пайдалана отырып зерттеу жұмысын жасап тетігі ретінде масс-медиа қолданылса халықтың әр түрлі көзқарасынан жинақталған ортақ пайымға келуге болады. Зерттеу жұмыстарын жүргізуде сауалнама, әңгімелесу, білікті маман пікірі, сараптама, сол оқиға кейіпкерлерімен жеке тілдесу тәсілдері қолданылып теле, радио бағдарламада, газет журналдардағы мақалаларда, ақпарат агенттіктері мен әлеуметтік желілерге таралса резонанс алады. Яки жан-жақты зерттеу жүргізу арқылы жетіспейтін теориялық және тәжірибелік білімдерді толықтыруға болады.

Зерттеу жұмысының жаңалығы келесіде:

- Тұрмыстағы зорлық-зомбылық, гендерлік стереотип сөздеріне түсініктеме берілді. Атаулы зомбылықты толық зерттеу үшін әлеуметтік сипаттағы тәсілдер қолданылды. Оның мемлекет экономикасына, қоғам өміріне, психологиялық және құқықтық нормаларғы ықпалы. Ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы мемлекеттің әлеуметтік-демографиялық сипатымен тығыз байланысты. Зерттеу аясында қатысушылардың жынысы, жасы, білімі, экономикалық жағдайы қарастырылады.

- Қазақстандық отбасында әйел адамның рөлі. Ерлі-зайыптылар қарым-қатынасы, өзара түсініспеушілік, теңсіздік, гендерлік стереотипті мінез-қылықтар. Ұлттық менталитеттің әсері.

- БАҚ арқылы артық ақпараттар ұсынылады, мәселен порнография, нашақорлық, алкогольды ішімдіктер, патриархалды құндылықтардың бұзылған нұсқасын тарату. Бұл тиімсіздігі. Тиімділігі өзекті мәселе есебінде зерттеп оны шешу жолында адамдарды біріктіру, қоғмадық пікір қалыптастыру. Сол арқылы халық жағдайын жақсарту.

Қазақ баспасөзіндегі әйелдер тақырыбының жазылу эволюциясына қарасақ, қоғамда әйелдердің қадір-қасиетінің жете бағаланбайтыны мен олардың құқығы тиісті деңгейде қорғалмайтынын байқауға болады. Демографияға ерекше ден қойып отырған елімізде әйел теңдігі мәселесі Кеңестік дәуірден бері маңызын жоғалтпай тұр. Әйелдің ерекше орны, әсіресе, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде байқалады. Бұл – қазақта байырдан бар идеология. Ендігі біздің парыз – осы саф құндылығымыздың жойылып кетуіне жол бермеу. Ал оны дәріптеудің теңдессіз күші – қазақ баспасөзі. Заман қалай өзгерсе де, маңызы өзгермеген, қазақ өзгерсе де, қадірі артпаған қазақ әйелдерінің мәселесі мен оның түйінін шешер шығармаларды қазақ баспасөзі қалыс қалмай жүрсе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

9. Қазақстандағы балалардың және әйелдердің жағдайын талдау [Электрон. Ресурс] – URL: www.unicef.org/kazakhstan/media/1426/file/Публикация%20на%20каз%20.pdf (Қаралған күні: 20.09.2020)
10. Гендерлік саясат және қазақ қоғамындағы әйел. «АQIQAT» қоғамдық-саяси журналы, - Алматы, 19.03.2018 ж.
11. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – қоғам дерті // Abai.kz ақпараттық порталы -13.02.2023ж. – <https://abai.kz/post/165924>
12. А. Мұсабекқызы. Зорлық-зомбылық: Түйткілдің түп-төркіні неде? // «Ана тілі» газеті. – 03.2023ж.
13. «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы N 1126 Қаулысы.
14. Біз деградациядамыз. «Қазақ әдебитеті» газеті, - Алматы, 13.10.2019ж.
15. Петченко Татьяна Сергеевна. Роль средств массовой информации в формировании ценностных ориентаций современной российской молодежи :

диссертация кандидата социологических наук : 22.00.06.- Ставрополь, 2007.- 156 с.

16. Ш.Д. Сейдигазимова, С.Е. Тапанова, М. Топлу. Қазақ мерзімді баспасөзіндегі әйелдер мәселесінің жазылу эволюциясы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы-2020.- 28№ 4(133).

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҮШІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕГЕМЕНДІКТІ ТҰРАҚТАНДЫРУДАҒЫ ЖАҢА ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН- ҚАТЕРЛЕР

Ұлжан Болатова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
«Халықаралық журналистика» мамандығының магистранты

Аталмыш мақала Отандық бұқаралық ақпарат құралдарына жүктелген жаңа заманауи міндеттерді қолға алудағы түрлі сын-қатерлерді зерттеп, жаңа перспективаларды қарастыру және олармен жұмыс жасау бағытына арналған. Соның ішінде, елдегі саяси ахуал мен халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы БАҚ-тың маңызына ден қойып, оның атқаратын рөліне талдау жасалынады. Бұқаралық коммуникация құралдарының саяси ахуалды қалыптастырудағы әсерін қарастыратын ғылыми мақала.

Елдегі саяси ахуалды, халықырылық қарым-қатынасты қалыптастыруда, оны нығайту жолында бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын рөлі орасан зор маңызға ие. Әсіресе дөңгеленген дүниенің жүзі мың құбылған заманда ынтымақтастық пен ауызбіршілікті сақтай отырып, еліміздің егемендігін тұрақтандыруда демократиялы БАҚ-тың болуы және оның жүйелі жұмыс жасауы қажеттілік тудырып отырған басты фактор болып табылады. Бұны БАҚ қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты рәсімде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «тек күшті, кәсіби және дербес бұқаралық ақпарат құралдары ғана біздің шынайы идеологиялық егемендігімізді қамтамасыз ете алатынын» атап көрсету арқылы маңызын ашқан. Отандық БАҚ жаһандық жаңалықтарды қалай ұсынатынына байланысты қазақстандықтардың белгілі бір оқиғаларға деген көзқарасының сипаты да қалыптасады. Қазақстандық аудитория болып жатқан оқиғаның мәнін түсініп, танылған пікірге ермеуі үшін әртүрлі көзқарастарды жарыққа шығару маңызды. Барлық ақпараттық инфрақұрылым Қазақстанның медиа кеңістігінің дербестігін нығайтуға бағытталуы тиіс. [1] Осы негізде еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін жаңа мақсат пен тың міндеттер жүктелгенін байқаймыз. Бұл өз кезегінде мықты перспективаларға жол ашып қана қоймай, өзіндік сын-қатерлердің де боларын білдіреді.